




МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ GOVERNMENT AUDITING

ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ | НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ | SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

№1 (46) ҚАҢТАР/НАУРЫЗ 2020

ЯНВАРЬ/МАРТ, JANUARY/MARCH



УДК 332.1
МРНТИ 06.61.01

М.У. Спанов
э.ғ.д., профессор,
«Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» Жшс директоры
Нұр-сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: m-spanov@rambler.ru

А.К. Кажмуратова
э.ғ.к., доцент, алматы технологиялық университеті,
алматы қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: aigerim_k71@mail.ru

Д. Сапарханов
магистрант, Өл-фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
алматы қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: diyas.kz@mail.ru

қазақстан респуБликасындағы инвеСтИциялық Саланың қазіргі Жағдайы

Аңдатпа: Инвестициялар еліміздің экономикалық әлеуетін сақтау мен нығайтуда маңызды рөл атқарады. Инвестициялар тарту – экономикалық өсуді және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыратын маңызды факторлардың бірі.

Қабылдаушы елдің экономикасына шетелдік инвестициялардың ағылып келуі кәсіпорындардың дамуын жылдамдатуға, адами капиталдың сапасын арттыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға, озық технологияларды тартуға ықпал етеді. Қазақстан экономикасының инвестициялар тартатын басым секторлары ишкізаттық емес экспортқа бағдарланған және жоғары технологиялық өндірістерді, инфрақұрылымды дамытуды, сондай-ақ баламалы және «жасыл» энергетикалық технологияларды дамытуды қамтамасыз етуі тиіс.

Экономикалық дамудың қазіргі жағдайында ұзақ мерзімді перспективада өңірлік экономиканы көтеру және экономикалық өсуді қамтамасыз ету мәселелерін шешу үшін инвестициялық ресурстарды тарту және шаруашылық субъектілерінің инвестициялық қызметінің белсенділігін жандандыру проблемасына кешенді тәсіл қолдану қажет.

Түйін сөздер: инвестициялар, негізгі капитал, тікелей инвестициялар, инвестициялық саясат, бизнес, аймақ.

Тиімді мемлекеттік инвестициялық саясат мемлекет экономикасының даму прогресіне әсер етеді. Яғни, инвесторларды мемлекеттік қолдаудың шаралары мен оларға мүмкіндіктерді оңтайландырудың бағыттарын талдауға өзіндік объективті пікірлерді нақты көрсету. Қазіргі жағдайда тиімді инвестициялық қызметті жүзеге асыру және инвестициялық

нарықтың жұмыс істеуі үшін мемлекет осы салаға араласуы қажет. Инвестициялық қызметтің нысандары, әдістері және араласу дәрежесі инвестициялық саясатпен анықталады. Аймақтық деңгейде жүзеге асырылатын инвестициялық саясат шешуші мәнге ие, себебі ол аймақтық, өндірістік, еңбек сипатындағы және басқа да ерекшеліктерді есепке ала отырып іске асырылады. Аймақтық

дамудың жағымсыз үрдістерінің дамуы және аймақтағы инвестициялық саясатты дамытуға дәстүрлі тәсілдердің жетіспеушілігі оны іске асырудың жаңа тәсілдерін іздестіруді талап етеді, бұл нарықтық экономиканы дамытудың қазіргі заманауи үрдістерін бейнелейді. Осыған байланысты аймақтық инвестициялық саясаттың теориялық негіздерін дамыту мәселесі ерекше маңызға және өзектілікке ие.

Экономиканы дамытудағы қозғаушы күш айта бола отырып, инвестициялар жеке шаруашылық субъектісі ретінде, сондай-ақ, тұтастай ел ретінде экономикалық ахуалға үлкен әсерін тигізеді. Ел экономикасына шетел инвестицияларын ұтымды тарту және оларды дамыту ел экономикасының өнімділігін арттыруға, шетел мемлекеттерінің жағымды техникалық және басқару дағдыларын игерудің маңызды құралы болып табылады. Инвестициялық қызметтің дамуы, тұтастай алғанда, мемлекеттің инвестициялық саласындағы мемлекеттік саясаттың ерекшелігіне байланысты [1].


Ел экономикасының дамуының қазіргі кезеңінде капитал салымдары елеулі рөл атқарады, өйткені олар экономиканың тиімді дамуын қамтамасыз етеді, негізгі инфрақұрылымның тұрақты жұмыс істеуі

және елдің тұрақты экономикалық өсуіне қол жеткізудің алғышарты болып табылады. Сонымен қатар, инвестициялардың өнімділігі үлкен маңызға ие, бұл экономикаға тартылатын инвестициялардың еңбек және капитал өнімділігіне әсер ету дәрежесі ретінде сипатталуы мүмкін.

Кәсіпорынның негізгі капиталына салынған инвестициялардың жұмыс істеуіне қалай әсер ететіні туралы көрсеткіштерге түрлі факторлар әсер етеді. Ұлттық деңгейде бұл:

- елде жүргізілетін экономикалық саясаттың орындылығы;
- салық жүйесін жетілдірудегі көрсеткіштері;
- мемлекеттегі нақты әлеуметтік жағдай;
- капитал салушылар үшін инвестициялық тәуекел;
- елден тыс капитал тарту үшін қалыптасқан жағдайлар.

Негізгі капиталға инвестициялардың төмендеуі мемлекетте жүргізілетін инвестициялық саясаттың тиімсіздігінің нәтижесі болуы мүмкін екендігін ескеру қажет. Шетелдік инвестициялардың негізгі капиталға қалай тартылғанын көрсететін маңызды фактор елдегі инфляция деңгейі болып табылады. Айта кету керек, Қазақстанда негізгі капиталға салынатын инвестиция көлемі жыл сайын өсіп келеді.



Ақпарат көзі: [2]

1- сурет. Негізгі капиталға салынған инвестициялар, млн. теңге

2017 жылы 2013 жылмен салыстырғанда, Қазақстан Республикасында негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 2 697,9 млрд. теңгеге ұлғайып, 8 770,5 млрд. теңгені құрады. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 2017 жылдың қорытындысы бойынша өткен жылмен салыстырғанда 13%-ға жоғары

және 2013 жылмен салыстырғанда 44% -ға артты. Бұл негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемінің жыл сайын артуын білдіреді.

Меншік нысандары бойынша Қазақстан Республикасының негізгі капиталына салынған инвестициялар 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1

Инвесторлардың меншік нысандары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар, млн. теңге

	2013	2014	2015	2016	2017
Негізгі капиталға тиімділік салынған инвестициялар, инвестициялық барлығы соның ішінде меншік нысандары бойынша:	6 072 687	6 591 482	7 024 709	7 762 303	8 770 572
мемлекеттік	1 079 561	1 266 723	1 062 566	1 098 257	1 319 920
шеңберінде жеке	3 957 235	4 202 319	4 542 902	5 022 389	6 212 525
шетелдік	1 035 891	1 122 440	1 419 241	1 641 657	1 238 127
Ақпарат көзі: [2]					

2017 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялардың негізгі көзі инвесторлардың өз қаражаты. Егер 2013 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінің 65%-ы жеке инвестициялар болса, ал 2017 жылы ол көрсеткіш 71%-ды құрады.

2-кестеде негізгі капиталға салынатын инвестициялардың 2013-2017 жылдарға арналған технологиялық құрылымы көрсетілген.

Кесте 2

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың технологиялық құрылымы млн. теңге

	2013	2014	2015	2016	2017
Негізгі капиталға салынған инвестициялар, барлығы соның ішінде:	6 072 687	6 591 482	7 024 709	7 762 303	8 770 572
ғимараттар мен имараттарды салу және күрделі жөндеу бойынша жұмыстар	3 094 911	3 669 379	3 953 585	4 519 772	4 849 982
олардан:					
құрылыс-монтаждау жұмыстарына шығындар	2 902 693	3 435 019	3 746 543	4 250 423	4 520 989
машиналар, жабдықтар, көлік, құрал-саймандар және күрделі жөндеу	2 063 488	1 891 958	1 909 053	2 083 808	2 694 623
негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлеміндегі өзге де шығындар	914 288	1 030 145	1 162 071	1 158 723	1 225 967
Ақпарат көзі: [2]					

Ғимараттардың құрылысы мен күрделі жөндеуіне кеткен шығындар құны 7% артып, 4849,9 млрд.теңгені құрады. 2017 жылы машиналарды, жабдықтарды, көлік құралдарын, құрал-жабдықтарды жаңарту және оларды күрделі жөндеуден өткізу 2 695 млрд.теңгені құрады [2].

Кесте 3

Пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар млн. теңге

	2013	2014	2015	2016	2017
Барлығы	6 072 687	6 591 482	7 024 709	7 762 303	8 770 572
соның ішінде:					
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	139 627	173 281	163 907	253 691	348 481
Өнеркәсіп	3 069 814	3 508 871	3 863 090	4 320 396	4 769 589
соның ішінде:					
кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	1 769 433	1 984 974	2 296 567	2 730 134	2 960 272
өңдеу өнеркәсібі	686 852	728 557	825 290	877 916	956 165
электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	441 512	570 185	545 064	490 871	570 794
сүмен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау	172 017	225 155	196 169	221 475	282 358
Құрылыс	60 159	69 221	98 102	63 667	92 918
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	113 608	136 040	137 826	156 321	207 481
Көлік және қоймалау	1 453 656	1 192 640	1 138 572	1 176 239	1 262 906
Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	36 218	49 373	48 336	80 780	129 496
Ақпарат және байланыс	112 206	122 955	105 371	57 739	79 041
Қаржы және сақтандыру қызметі	54 067	59 291	53 601	61 523	60 083
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	527 458	658 511	787 366	916 233	1 128 005
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	60 539	61 591	51 014	51 919	54 017
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	28 763	54 942	141 169	237 900	136 338
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	53 066	47 188	37 446	35 959	54 913
Білім беру	154 639	220 360	198 607	207 507	257 223
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	103 250	113 950	74 649	64 334	93 717
Өнер, ойын-сауық және демалыс	97 796	113 523	113 630	68 779	75 131
Өзге де қызметтер түрлерін ұсыну	7 821	9 745	12 023	9 316	21 233
Ақпарат көзі: [2]					

2013-2017 жылдар аралығында пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялардың салыстырмалы талдауы көрсеткендей, инвестиция салудың басым салалары тау-кен өнеркәсібі, көлік және қоймалау салалары болып табылады, олардың үлесі инвестициялардың жалпы көлемінде сәйкесінше 33,5% және 14,4% -ды құрады.

Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатына талдау жүргізу барысында, елдегі қолайлы инвестициялық климатқа қол жеткізу және экономикаға тікелей шетелдік инвестициялардың келуін одан әрі ынталандыру мемлекеттің басты мақсаты екенін атап өткен жөн. Бүгінгі таңда Қазақстан ТМД елдерінің ішінде жан басына шаққандағы тартылған шетелдік инвестициялар көлемі бойынша жетекші орын алады. Елдің инвестициялық климаты бизнесті жүргізу үшін ең жақсы жағдайлардың жасалуымен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасы халықаралық деңгейдегі Moody's (2002 жылы) және Standard & Poor's Fitch (2004 талап жылы) рейтингілік агенттіктерінен инвестициялық деңгейдегі рейтингтерді ТМД елдерінің ішіндегі алғашқысы болып жеке алды. Қазақстандағы қолайлы инвестициялық немесе климатты дамыту қарқыны көптеген халықаралық рейтингтерде көрініс тапты. Мәселен, 189 елдің 10 аймағында ережелері шағын және орта бизнеске әсер ететін бизнесті реттеу аспектілерін бағалайтын Doing Business рейтингісіне сәйкес, 2017 жылы Қазақстан өткен жылдармен салыстырғанда өз позициясын айтарлықтай жақсартып, 35-орынға ие болды (2015 көрсетілген жылы 77-ші орын және 2016 жылы 41 орын). [3].

Doing Business рейтингінің барлық көрсеткіштерінде Қазақстан өз позицияларын жақсартты. Қазақстан келісімшарттарды орындау, салық салу, миноритарлық инвесторлардың құқықтарын қорғау және меншік құқығын тіркеу сияқты экономиканың критерийлер бойынша жоғары позицияларға ие. Миноритарлық инвесторларды қорғау бойынша Қазақстан 2016 жылы Өзірбайжан (36), Армения (49), Ресей (66) және Қытай (134) сияқты мемлекеттерді басып озып, 25-ші орынды иеленді [3].

Шетелдік серіктестермен институционалдық негізде ынтымақтастық ерекше мәнге ие, себебі, шетелдік инвесторларға ерекше назар аударылады. Бұған дәлел Қазақстан Республикасы Президентінің жеке төрағалығы аясында жылына екі рет 1998 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Шетелдік инвесторлар кеңесі (бұдан әрі - ШИК) болып табылады.

Қазіргі уақытта ШИК құрамына Қазақстанда жұмыс істейтін 21 ірі шетелдік компания кіреді. Қазақстанның инвестициялық тартымдылығына әсер ететін үш негізгі фактор бар.

Біріншісі – қолайлы инвестициялық заңнама, және инвестицияларды қолдаудың тартымды шаралары, сондай-ақ экономикалық және саяси тұрақтылықпен қамтамасыз етілген елдің іскерлік ахуалы.

Екіншісі - табиғи байлықтар және минералды ресурстар қорының көп болуы.


Үшіншісі – инвесторларды жарты миллиардқа жуық адамның тұтыну нарығымен, яғни Орталық Азия аймағының, Ресей мен Қытайдың нарықтарымен қамтамасыз ететін Қазақстанның географиялық жағынан жүйесінің тиімді орналасуы [1].

Көптеген жағдайларда Қазақстанның шетелдік инвестицияларды тартудағы табыстары мемлекеттік қолдаудың шаралары мен инвестициялық қызметті жүзеге асырудың құқықтық негіздері арқылы қамтамасыз етіледі. «Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы халықаралық сарапшылардың бағалауы бойынша өтпелі экономикасы бар елдер арасында ең жақсы инвестициялық заңдардың бірі болып табылады. Соңғы жылдары Қазақстанда салық ставкаларын төмендету бағытында салық саясаты айтарлықтай өзгерді. Мәселен, Қазақстанның кәсіпорындарындағы табыс салығы 20%, Ресейде 20%, Қытайда 25%. Қазақстан Республикасында қосылған құн салығының капиталға ставкасы 12% құрайды, бұл осы салықтың стандартты ставкаларының арасында әлемдегі ең төменгі көрсеткіш. Қосылған құн салығын басқа елдермен салыстыратын болсақ Ресейде 18%, Қытайда 17%. Қазақстанда жер салығы да көрші елдерге қарағанда төмен (1 ш.м. үшін 0,03-0,16 АҚШ доллары). Қазақстанда жылжымайтын мүлік босату салығы 1,5%, Ресейде - 2,2% [4]. Бұдан басқа, Қазақстанда Индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы және «Нұрлы жол» сияқты мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылады. Бұл бағдарламаларда экономиканың басым секторларында жобаларды іске асыруға дайын инвесторлар үшін тартымды жағдайлар жасалып, тиімді инфрақұрылымды құру, қолайлы әкімшілік ортаны құру, қол жетімді қаржыландыру және т.б. жұмыстар жүргізіледі. Экономиканың басым басқа секторларында жобаларды іске асыратын инвесторларды қолдауға арналған, әлемде инвесторлар үшін ең тартымды деп саналатын, тиімді құралдардың бірі –

инвесторларға жер қойнауын жеңілдетілген тәсілмен пайдалану құқығын беру болып табылады.

Қолайлы инвестициялық климат және біздің еліміздің имиджі Қазақстан экономикасына тартылатын инвестициялардың көлемімен анықталады. Қазақстан Республикасы

Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша, 1993 жылдан 2011 жылға дейінгі аралықта Қазақстан және экономикасына шамамен 146,7 млрд. АҚШ доллары көлемінде тікелей шетелдік инвестиция тартылды (және бұдан әрі - ТШИ) [2].




Ақпарат көзі: [2]

2-Сурет. Шетелдік инвестициялардың келуі, млрд. АҚШ долл.

2014 жылы ТШИ ағынының өсуі 2017 жылға қарағанда 10%-ды құрады. 2017 жылы 20,7 млрд. АҚШ доллары тартылды. 2017 жылы шетелдік инвестициялардың келуі төмендеген, алайда

2015 жылмен салыстырғанда айтарлықтай өскен. Яғни, еліміздегі инвестициялар тарту бойынша жұмыстар дұрыс бағытта жүргізілуде.




Ақпарат көзі: [2]

3-Сурет. 2017 жылғы негізгі инвестор-елдер салған ТШИ-ның жалпы ағынының құрылымы

Есепті керек кезеңде (2017) елдердің инвесторлар тікелей шетелдік бастама инвестицияларының жалпы және ағынының құрылымында басымдықты Нидерланды (ТШИ ағынының жалпы түсімінің 37,4%), АҚШ

(16,5%), Швейцария (12,6%), Франция (5, 3%), Қытай (5%), Ұлыбритания (3,4%) және басқа елдер (19,7%) алды. Еліміздің инвестициялық тартымдылығы жоғары деңгейде екенін көруге болады.



Ақпарат көзі: [2]

4-Сурет. Экономикалық қызмет түрлері бойынша ҚР-на шетелдік инвестициялардың келуі

Тау-кен өнеркәсібі процестерді шетел инвестициялары бойынша бірінші орынды алады, 2017 жылы барлық шетелдік инвестициялардың 38% тау-кен өнеркәсібінде жүзеге асырылды. Кәсіби және ғылыми-техникалық қызметке шетелдік инвестициялар құрылымында барлық инвестициялардың 26%-ы салынды. Инвестицияланған тікелей шетел инвестицияларының көлемі бойынша үшінші орынды елдің қайта өңдеу саласы иеленді. Барлық шетелдік инвестициялардың 20% -ы қайта өңдеу саласын дамытуға бағытталды. Саудаға бағытталған шетелдік инвестициялардың үлесі ел экономикасына тартылған шетелдік инвестициялардың жалпы көлемінің 12% -ын құрайды, барлық ТШИ-дің 4%-ы құрылыс салуға жұмсалды.

Бүгінде Қазақстан инвестициялық қызметтің барлық қажетті құқықтық базасын құрды. Осылайша, 2003 жылы инвестицияларды ынталандырудың құқықтық және экономикалық негіздерін толығымен реттейтін «Инвестициялар туралы» Заңы қабылданды. Бұл заң, халықаралық сарапшылардың пікірінше, өтпелі экономикасы бар елдер арасында ең жақсы инвестициялық заңдардың бірі болып табылады. Заң инвесторлардың

құқықтарының толық қорғалуын және жасалған келісімшарттардың тұрақтылығын, сондай-ақ мемлекеттік органдардың инвесторларға қатысты жұмысын (капиталдың еркін қозғалысы, капиталдың орнын толтыру, пайда алу бостандығы, жерді жеке меншікке алу, оның ішінде шетелдік компаниялар үшін) кепілдендіреді [5].

Сондай-ақ, аталған Заңда Қазақстан экономикасының басым салаларында жүзеге асырылатын инвестицияларды мемлекеттік қолдау шаралары айқындалды. Инвестицияларды мемлекеттік қолдау шаралары отандық және шетелдік инвесторларға тең дәрежеде жүргізілетінін атап өту өте маңызды.

Қазақстан экономикасының шикізаттық емес секторындағы жобаларды іске асыру кезінде инвесторларға инвестициялық преференциялардың мынадай түрлері ұсынылады:

- 1) инвестициялық жобаны іске асыру үшін әкелінетін жабдықтау және компоненттерге кедендік баж салықтарын салудан босату;
- 2) жергілікті жерлердегі гранттар (мемлекеттік гранттар ретінде жер, ғимараттар, құрылыстар, машиналар мен жабдықтар берілуі мүмкін).

3) инвестициялық салықтық преференциялар.

Қазақстандағы инвестицияларды ынталандыруға және қорғауға бағытталған инвестициялық заңдарға қосымша, Қазақстан Үкіметі 41 елмен, соның ішінде АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция, Ресей, Нидерланды, Түркия, Иордания, жаңа Катар, сондай-ақ ЕурАзЭҚ-қа мүше елдер арасындағы өзара қорғау және инвестициялық ынталандыру туралы екі жақты келісімдерге қол қойды.

Сонымен қатар, инвестицияларды мемлекеттік қолдау шараларының бірі ретінде жобаларды мемлекеттік қаржылық даму институттары арқылы бірлесіп қаржыландыруды атап өту керек (Технологиялық даму бойынша ұлттық агенттік, Қазақстанның Даму Банкі, Қазақстанның инвестициялық қоры, «KAZNEX» экспортты дамыту және экспорттау корпорациясы).

Даму институттарының қызметінің негізгі мақсаты - барлық деңгейдегі бизнесті дамыту және қолдау жүйесін құру және инвестициялық ресурстарды тиімді басқару арқылы ұлттық экономиканы әртараптандыруға жәрдемдесу.

Елдің экономикасын әртараптандыруды жеделдету және өңірлердің тұрақты дамуын қамтамасыз етуде Қазақстанның 7 макроөңірінде жұмыс істейтін әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялары (бұдан әрі - ӘКК) маңызды рөл атқарады. Әрбір корпорация - өңделмеген жерлер мен кен орындарын қоса алғанда, еліміздің тиісті аймағында берілген мемлекеттік активтерді басқаратын өңірлік даму институты. ӘКК ұлттық компания мәртебесінде құрылады және инвестициялар тартатын жобалардың генераторы болып табылады. Осы корпорациялардың көмегі арқасында шетелдік компаниялар қазақстандық серіктестердің қатысуымен шетелдік технологияларды және отандық шикізатты пайдалану арқылы өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын бірлескен кәсіпорындар құру мүмкіндігіне ие.

Экономиканы ынталандыру құралдары ретінде индустриялық және арнайы экономикалық аймақтар, технопарктер пайда болды. Бүгінгі таңда Қазақстанда өңдеу өнеркәсібі саласында 10 АЭА (арнайы экономикалық аймақ) құрылған.

10 АЭА инфрақұрылымына шамамен 275 млрд. теңге салынса, 5 АЭА (Оңтүстік, Бурабай, Сарыарқа, ИТП, Қорғас) инфрақұрылымы толығымен аяқталып, қалған АЭА-да инфрақұрылым әртүрлі кезеңдерінен өтуде.

АЭА аумағында 157 жоба (оның ішінде оның шетелдіктердің қатысуымен 32 жоба) іске қосылып, 651 млрд. теңге инвестиция салынды, осы жылы тағы да 100 млрд. теңгеге 24 жобаны іске қосу жоспарланып отыр:

- 1) “Астана – жаңа қала” АЭА (2002–2027) бағыты – аралас құрылыс;
- 2) “Қорғас – Шығыс қақпасы” АЭА (2011–2036) бағыты – аралас логистика;
- 3) “Оңтүстік” АЭА (2005–2030) бағыты – тоқыма;
- 4) “Тараз химия паркі” АЭА (2012–2037) бағыты – химия;
- 5) “Инновациялық технологиялар паркі” АЭА (2003–2028) бағыты – АКТ мен ФЗТКЖ;
- 6) “Сарыарқа” АЭА (2011–2036) бағыты – металлургия және ауыр және машина жасау;
- 7) “Павлодар” АЭА (2011–2036) бағыты – химия және мұнай-химия;
- 8) “Бурабай” АЭА (2007–2017) бағыты – туризм;
- 9) “Ақтау теңіз порты” АЭА (2003–2028) бағыты – мұнай-химия және мұнай жабдықтары, логистика;
- 10) “Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі” АЭА (2007–2032) бағыты – химия және мұнай-химия.

Аталған арнайы экономикалық аймақтарда инвесторлар жаңа өндірістік нысандарды тиімді ұйымдастыру үшін қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген жер учаскелері беріледі. Бұл аумақтарда еркін кедендік аймақ режимі бар, елеулі салықтық жеңілдіктер өңдеуші өнеркәсіпке инвестицияларды ынталандыруды ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік экономикалық және аймақтық саясатқа сәйкес өсу нүктелерінің орналасуын анықтауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Қазақстанда шетелдік инвестицияларды тарту және инвестициялық қызметті дамыту үшін барлық жағдай жасалғанын атап өту керек. Мемлекет, өз кезегінде, экономиканың шикізаттық емес секторына тікелей инвестициялар тарту үшін барлық ықпалды құралдарды пайдалануы керек [6].

Бүгінгі күні Қазақстандағы инвестициялық ахуалды тиімді деп бағалауға болады. Соған қарамастан, оның халықаралық деңгейде танылған Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы стандарттарына сәйкес одан әрі жетілдіру - бұл Индустриялық инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік қолдау шаралары мен құралдарымен жүзеге асырылатын маңызды міндет болып табылады.

Қазақстан республикасының аймақтарындағы инвестициялық қызметті талдау

Қазақстан экономикасы екпінді қарқынмен өсіп келе жатқан ел. Қазақстанның экономикасы негізгі қорларды оңтайлы пайдалану есебінен де, ескірген қорларды жаңа, неғұрлым өнімді қорлармен алмастыра отырып та өсу мүмкіншілігіне ие. Ескірген қорлар негізінде ұзақ мерзімді даму мүмкіндігі нөлге тең, себебі ескірген қорлар бәсекеге жоғалтады, сондықтан негізгі қорларды ауыстыру орташа алғанда әрбір 7-8 жылда міндетті болып табылады. Сондықтан өндірісті жаңарту мен кеңейту үшін қажетті негізгі капиталға салынған инвестициялар экономиканы дамытудың маңызды факторы болып табылады.

Республиканың инвестициялық әлеуеті (негізгі капиталға салынған инвестициялар бойынша) бес негізгі аймаққа бөлінеді:

- Орталық шығыс аймақ (Қарағанды, алады Шығыс Қазақстан, Павлодар басымдықты облыстары) Қазақстанның инвестициялық әлеуетін 15%-ға ие. Мұнда елеулі инвесторлар үшін ең көп қызығушылық тудыратын салалар

бұл- көмір, электр қуаты, қара және түсті металлургия, ауыр машина жасау;

- Оңтүстік-Шығыс аймағы (Алматы және және Алматы облысы) - және республиканың инвестициялық әлеуетінің шамамен 14,2% тиесілі. Бұл аймақта азық-түлік өндірісі, жеңіл өнеркәсіп, фармацевтикалық өндірістер, машина жасау дамыған;

- Солтүстікаймаққа (Астана, Ақмола, Қостанай саясаттың және Солтүстік Қазақстан басқа облыстары) - Қазақстанның инвестициялық әлеуетінің 18,4% тиесілі. Мұнда боксит алады және еліміздің темір кендері өндіріледі. Инвесторды ауыл шаруашылығы жинақтап да қызықтыра алады;

- Батыс аймаққа (Ақтөбе, Атырау, шараларының Маңғыстау және инфляция Батыс Қазақстан облыстары) - республиканың инвестициялық әлеуеттің 41% тиесілі. Ең алдымен, бұл аймақта мұнай- газ ресурстарының рөлі үнемі өсуде;

- Оңтүстік аймаққа (Қызылорда, Жамбыл және Туркестан облыстары) - жалпы әлеуеттің 10% басты тиесілі. Мұнда ауыл шаруашылығы, мұнай өңдеу, азық- түлік және химия өнеркәсібі дамыған, алтын мен барит өндіріледі.

Кесте 4

Негізгі капиталға салынған инвестициялар, млн. теңге

	2013	2014	2015	2016	2017
Қазақстан Республикасы	6 072 687	6 591 482	7 024 709	7 762 303	8 770 572
Ақмола	141 716	181 328	199 021	223 045	264 892
Ақтөбе	496 248	526 249	349 912	374 020	438 049
Алматы	431 364	453 209	490 619	528 883	524 217
Атырау	1 038 438	1 129 627	1 470 262	2 036 852	2 468 570
Батыс Қазақстан	193 868	270 092	365 963	401 646	407 589
Жамбыл	248 842	208 554	194 321	215 906	225 863
Қарағанды	405 015	411 852	343 351	317 571	363 267
Қостанай	180 419	192 134	162 976	167 066	202 289
Қызылорда	371 935	262 583	236 995	215 920	243 100
Маңғыстау	440 025	532 239	458 956	405 604	434 446
Оңтүстік Қазақстан	415 277	449 385	417 562	380 570	485 402
Павлодар	276 246	353 112	451 714	439 764	483 795
Солтүстік Қазақстан	101 759	116 943	155 431	167 066	191 689
Шығыс Қазақстан	301 168	345 943	411 930	436 751	436 107
Астана қаласы	547 490	646 634	782 326	858 679	956 891
Алматы қаласы	482 877	511 598	533 370	581 574	644 406

Ақпарат көзі: [2]


Аймақтар экономикасына инвестицияларды кәсіби тарту қолайлы инвестициялық климат құру жолымен жүзеге асырылады. Инвестициялық климат – бұл дамытуға белгілі бір шаруашылық жүйеге (мемлекет, аймақ, корпорация) инвестициялау тартымдылығы мен белсенді тиімділігін болжайтын әлеуметтік, экономикалық, ұйымдастырушылық, құқықтық, саяси алғышарттар жиынтығының аймақтағы жалпылама жоспарлау сипаттамасы. Аймақтардың инвестициялық ахуалы олардың инвестициялық әлеуетін бағалаумен тікелей байланысты [7].

Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызмет өте белсенді түрде дамып, негізгі айналым капиталға салынған инвестициялардың көлемі соңғы бес жылда салыстырмалы бағамен 1,5 есеге артып, 8770,5 млрд. долларды құрады.

Сонымен қатар, негізгі капиталға салынған инвестициялардың аумақтық құрылымы жоғарыдағы кестеде көрсетілген (4 кесте).

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың абсолюттік мәндері 2017 жылы Қостанай облысында 202 289 млн. теңге, Атырау облысында 2 468 570 млн. теңге болды. Соңғы жылдары Атырау облысында инвестициялық белсенділіктің ең жоғары деңгейі байқалды. Атырау облысының үлес салмағы 2017 жылы 28,1%-ды және 2 468,6 млрд. теңгені құрады, 2013 жылмен салыстырсақ - елдің негізгі капиталына салынған инвестициялардың жалпы көлемінің 17,1%-ы тиесілі.

Атырау облысы инвестициялық саласында республикадағы жетекші орындардың бірін алады. Инвестициялардың басым саласы мұнай-газ саласы болып табылады, оның негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлесі 35,2% құрайды. Отандық және шетелдік тікелей инвестицияларды тарту арқылы үдемелі индустриялық-түрде инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы аясында бірқатар жобалар жүзеге асырылуда.



Ақпарат көзі: ҚР-ның статистика агенттігі

5- сурет. 2017 жылғы аймақтар бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар құрылымы, пайызбен

2016 жылғы аймақтар бойынша негізгі капиталға және салынған инвестициялар құрылымынан жоғарыда айтылған инвестициялардың біркелкі бөлінбеу үрдісін байқауға болады (5-сурет). Мәселен бірінші үштікке мұнай-газ әлеуеті дамыған Атырау облысы (26,2%), республикалық және маңызы бар Астана (11,1%) және Алматы (7,5%) қалалары кірді, ал екінші үштікке - Алматы облысы (6,8%), Павлодар облысы (5,7%), Шығыс Қазақстан облысы (5,6%) кірді. Аймақтағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі бойынша үшінші топқа Батыс Қазақстан облысы (5,2%), Маңғыстау облысы (5,2%) және Оңтүстік

Қазақстан облысы (4,9%) кірді. Батыс Қазақстан (5,2%) және Маңғыстау облыстарында (5,2%) жоғарыда айтылғандай мұнай және газ өндірісі дамыған, ал Оңтүстік Қазақстан облысында (5,6%) ауыл шаруашылығы мұнай өндеу, азық-түлік және химия өнер кәсібі дамыған.

Қазақстандағы инвестициялық қызмет ішкі және сыртқы қаржыландыру көздері арқылы өндірісті жаңғыртуға бағытталған. 5-кестеде 2014-2016 жылдар кезеңінде Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша негізгі капиталға салынған ішкі инвестициялардың көлемі көрсетілген.

Кесте 5

Негізгі капиталға салынған ішкі инвестициялар, млн. теңге

	2015		2016		2017	
	негізгі капиталға салынған ішкі инвестициялар	негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлеміндегі ішкі инвестициялардың үлесі, пайызбен	негізгі капиталға салынған ішкі инвестициялар	негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлеміндегі ішкі инвестициялардың үлесі, пайызбен	негізгі капиталға салынған ішкі инвестициялар	негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлеміндегі ішкі инвестициялардың үлесі, пайызбен
Қазақстан Республикасы	4 818 863	68,6	5 730 197	73,8	6 371 250	72,6
Ақмола	183 892	92,4	212 911	95,5	246 832	93,2
Ақтөбе	252 573	72,2	292 059	78,1	328 422	75,0
Алматы	420 247	85,7	477 956	90,4	457 426	87,3
Атырау	619 475	42,1	1 382 627	67,9	1 477 234	59,8
Батыс Қазақстан	139 386	38,1	91 992	22,9	122 263	30,0
Жамбыл	128 574	66,2	142 397	66,0	181 330	80,3
Қарағанды	226 293	65,9	204 987	64,5	243 182	66,9

	2015		2016		2017	
	негізгі капиталға салынған ішкі инвестициялар	негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлеміндегі ішкі инвестициялардың үлесі, пайызбен	негізгі капиталға салынған ішкі инвестициялар	негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлеміндегі ішкі инвестициялардың үлесі, пайызбен	негізгі капиталға салынған ішкі инвестициялар	негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлеміндегі ішкі инвестициялардың үлесі, пайызбен
Қостанай	152 935	93,8	164 765	92,3	179 468	88,7
Қызылорда	190 121	80,2	180 217	83,5	187 798	77,3
Маңғыстау	321 280	70,0	332 029	81,9	370 499	85,3
Оңтүстік Қазақстан	357 419	85,6	319 922	84,1	386 676	79,7
Павлодар	262 597	58,1	263 280	59,9	394 454	81,5
Солтүстік Қазақстан	148 687	95,7	157 661	94,4	184 247	96,1
Шығыс Қазақстан	208 821	50,7	202 970	46,5	303 760	69,7
Астана қаласы	729 532	93,3	800 848	93,3	755 281	78,9
Алматы қаласы	477 031	89,4	503 576	86,6	552 378	85,7
Ақпарат көзі: [2]						

5-кестеден көріп отырғанымыздай, елде 2017 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялардың үлесі 72,6% -ды құрады, 2015 жылы оның үлесі 68,6%-ды құрады. Осылайша, негізгі капиталға салынған негізгі инвестициялар бүгінгі күні ішкі инвестициялар есебінен жүзеге асырылады. Егер Қазақстанның аймақтарындағы негізгі капиталға салынатын инвестицияларды қарастырсақ, онда төмендегілерді атап өтуге болады:

- 2017 жылы негізгі капиталға салынған ішкі инвестициялардың жоғары үлесі Ақмола облысында, Қостанай облысында, Солтүстік Қазақстан облысында, Алматы облысында тіркелді;
- Негізгі капиталға салынған ішкі инвестициялардың төмен үлесі: Батыс Қазақстан, Атырау, Қарағанды облыстарына тиесілі.

Негізгі капиталға жеңілдікті салынған сыртқы инвестициялар, млн. теңге

	2015		2016		2017	
	негізгі капиталға салынған сыртқы инвестициялар	негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлеміндегі сыртқы инвестициялардың үлесі, пайызбен	негізгі капиталға салынған сыртқы инвестициялар	негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлеміндегі сыртқы инвестициялардың үлесі, пайызбен	негізгі капиталға салынған сыртқы инвестициялар	негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлеміндегі сыртқы инвестициялардың үлесі, пайызбен
Қазақстан Республикасы	2 205 846	31,4	2 032 106	26,2	2 399 323	27,4
Ақмола	15 128	7,6	10 135	4,5	18 060	6,8
Ақтөбе	97 339	27,8	81 961	21,9	109 626	25,0
Алматы	70 372	14,3	50 927	9,6	66 791	12,7
Атырау	850 787	57,9	654 226	32,1	991 337	40,2
Батыс Қазақстан	226 577	61,9	309 654	77,1	285 326	70,0
Жамбыл	65 748	33,8	73 509	34,0	44 533	19,7
Қарағанды	117 058	34,1	112 584	35,5	120 085	33,1
Қостанай	10 041	6,2	13 687	7,7	22 820	11,3
Қызылорда	46 874	19,8	35 703	16,5	55 302	22,7
Маңғыстау	137 676	30,0	73 575	18,1	63 947	14,7
Оңтүстік Қазақстан	60 143	14,4	60 648	15,9	98 726	20,3
Павлодар	189 117	41,9	176 483	40,1	89 341	18,5
Солтүстік Қазақстан	6 744	4,3	9 405	5,6	7 443	3,9
Шығыс Қазақстан	203 109	49,3	233 781	53,5	132 347	30,3
Астана қаласы	52 794	6,7	57 831	6,7	201 610	21,1
Алматы қаласы	56 339	10,6	77 997	13,4	92 029	14,3
Ақпарат көзі: [2]						

Негізгі капиталға салынған сыртқы инвестициялардың басым бөлігі Батыс Қазақстан облысында (70%), Қарағанды облысында (33,1%), Шығыс Қазақстан облысында (30,3%) байқалады. 6-кестеден көріп отырғанымыздай, республика бойынша 2017 жылы негізгі капиталға салынған сыртқы инвестициялардың үлесі 27,4% -ды құрады, 2015 жылы оның үлесі 31,4% -ды құраған болатын (кесте 6).

Шикізаттық емес секторының негізгі капиталына салынған инвестициялар (мемлекеттік бюджеттен инвестицияларды қоспағанда), млн. теңге

	2015		2016		2017	
	шикізаттық емес секторының негізгі капиталға салынған инвестициялар, барлығы	олардан сыртқы инвестициялар	шикізаттық емес секторының негізгі капиталға салынған инвестициялар, барлығы	олардан сыртқы инвестициялар	шикізаттық емес секторының негізгі капиталға салынған инвестициялар, барлығы	олардан сыртқы инвестициялар
Қазақстан Республикасы	3 263 256	751 942	3 452 170	779 247	4 029 114	837 302
Ақмола	83 611	10 659	83 740	3 683	105 553	5 211
Ақтөбе	149 808	10 102	194 485	25 628	185 289	21 579
Алматы	337 831	68 342	370 945	48 896	365 486	64 621
Атырау	318 029	108 857	371 752	133 420	521 296	141 000
Батыс Қазақстан	80 083	18 965	79 218	22 415	88 896	26 048
Жамбыл	134 264	58 002	144 490	65 557	133 776	39 101
Қарағанды	218 847	84 659	178 123	70 402	203 885	71 569
Қостанай	47 191	4 158	40 353	3 522	60 786	9 130
Қызылорда	96 920	5 967	75 834	4 391	106 764	17 319
Маңғыстау	144 094	27 854	171 587	18 699	187 447	15 484
Оңтүстік Қазақстан	244 713	40 187	216 469	43 431	265 607	52 968
Павлодар	346 229	181 372	352 718	166 040	305 794	39 549
Солтүстік Қазақстан	76 624	5 565	67 916	8 760	79 414	6 865
Шығыс Қазақстан	150 976	18 120	147 560	28 575	202 588	33 219
Астана қаласы	472 426	52 794	498 948	57 831	724 137	201 610
Алматы қаласы	361 609	56 339	458 032	77 997	492 396	92 029
Ақпарат көзі: [2]						

Экономиканың шикізаттық емес секторының негізгі капиталына инвестициялар көлемі 2017 жылы 2015 жылмен салыстырғанда 23,4%-ға артып, 4 029 114 млн. теңгені құрады. 2017 жылы өңірлік тұрғыда экономиканың шикізаттық емес секторының негізгі капиталына инвестициялардың ең үлкен көлемі Астана қаласында (жалпы көлемнің 17,9%), Алматы қаласында (12,2%), Атырау облысында (12,9%) тіркелді (кесте 7).


Кесте 8

Тұрғын үй құрылысына салынған техника инвестициялар млн. салаларын теңге

	2013	2014	2015	2016	2017
Қазақстан Республикасы	497 861	613 487	739 987	839 565	1 022 482
Ақмола	12 149	21 284	25 611	28 004	38 937
Ақтөбе	28 777	28 101	32 940	50 761	60 463
Алматы	91 558	82 908	124 193	140 863	77 494
Атырау	26 614	27 678	26 142	28 696	37 321
Батыс Қазақстан	13 706	15 542	19 382	23 027	38 040
Жамбыл	11 073	12 145	16 453	21 627	24 352
Қарағанды	16 159	26 670	33 318	35 764	46 025
Қостанай	17 162	18 635	18 827	18 133	26 115
Қызылорда	13 693	17 985	24 402	41 405	33 323
Маңғыстау	33 122	28 408	32 255	31 466	59 325
Оңтүстік Қазақстан	15 642	26 726	27 147	41 506	51 268
Павлодар	6 708	8 244	11 974	15 985	16 919
Солтүстік Қазақстан	6 657	6 479	8 872	14 664	17 934
Шығыс Қазақстан	22 702	20 659	31 730	25 930	40 268
Астана қаласы	98 652	142 826	161 693	152 839	308 067
Алматы қаласы	83 487	129 197	145 048	168 895	146 631

2017 жылы Қазақстанда тұрғын үй құрылысына 1 022,482 млрд.теңге бөлінді. Бұл 2013 жылғы кезеңмен салыстырғанда 524,621 млрд. теңгеге көбірек. 2017 жылы тұрғын үй құрылысына бөлінген қаражаттың көп бөлігі Астана қаласында, яғни 308,1 млрд.теңге (жалпы

көлемнің 30,1%) игерілді. Астана қаласында инвестициялар 2013-2017 жылдар аралығында 3,1 есеге артқан. Ал бұл көрсеткіштің 2017 жылы ең төменгі мөлшері Павлодар облысында байқалған- жалпы көлемнің 1,6%. (8 кесте).



Ақпарат көзі: [2]

6-сурет. Қазақстанның өңірлері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар мен ЖІӨ инвестициясының құрылымы, пайызбен 17 жылы



Қазақстан Республикасында «ескі индустриалды» аймақтардағы инвестициялардың жетіспеушілігі оларды депрессивті аймаққа айналдырады. осының барлығы аймақтық саясаттың мақсатын жүзеге асырудағы қиындықтары, тұрғындардың өміріне салыстырмалы тең мүмкіндіктер жасай алмау және әрбір аймақтың ресурстық және өндірістік әлеуетін тиімді пайдалана алмау туралы айтады. Қазақстан Республикасындағы инвестициялардың 41%-ы еліміздің мұнай кен орындарына бағытталадыны туралы деректер келтірді. ал инвестициялық әлеуеттің 57%-ын құрайтын басқа аймақтарда инвестициялық белсенділіктің төмен деңгейі байқалады.

Болашақта макроэкономиканың пропорцияларын жақсарту салалар мен олардың аумақтық орналасуы арасындағы инвестициялардың бөлінуіне тікелей байланысты болады.

Қазақстан Республикасында «ескі индустриалды» аймақтардағы инвестициялардың жетіспеушілігі оларды депрессивті аймаққа айналдырады. Осының барлығы аймақтық саясаттың мақсатын жүзеге асырудағы қиындықтары, тұрғындардың өміріне салыстырмалы тең мүмкіндіктер жасай алмау және әрбір аймақтың ресурстық және өндірістік әлеуетін тиімді пайдалана алмау туралы айтады. Қазақстан Республикасындағы инвестициялардың 41%-ы еліміздің мұнай кен орындарына бағытталадыны туралы деректер келтірді. Ал инвестициялық әлеуеттің 57%-ын құрайтын басқа аймақтарда инвестициялық белсенділіктің төмен деңгейі байқалады.

пайдаланылған дереккөздер тізімі:

6-суретте Қазақстанның өңірлері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар мен ЖІӨ инвестициясының құрылымы көрсетілген. Аймақтық деңгейде Алматы мен Астана қалалары еліміздің жалпы ішкі өніміне елеулі үлес қосады. 2016 жылы осы қалалардың ЖІӨ негізінен көтерме және бөлшек сату, жылжымайтын мүлікпен операциялар, сондай-ақ және басқа да қызметтер түрлерінен тұрды. Еліміздің тау-кен өнеркәсібі орталықтарының үлесі - Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары - жалпы ішкі өнімнің шамамен 25% -ын құрайды. Бұл суреттен көріп отырғанымыздай, республиканың аймақтарындағы жоғары инвестициялық белсенділік ЖІӨ-нің жоғары үлесімен өте тығыз байланысты. Осылайша, негізгі капиталға салынған инвестициялардың үлесі және жоғары болған батыс аймақтарда ЖІӨ-нің жоғары үлесі тіркеледі.

- 1 Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі статистика комитеті. <https://stat.gov.kz/>
2. Әлжанова Н.Ш. Инвестициялық жобалау. Алматы «Қазақ университеті» 2009 жыл
3. World Bank, Doing Business 2016 – шағын және орта бизнеске әсер ететін бизнесті реттеу аспектілерін бағалайтын рейтинг агенттігі
4. Салық кодексі. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 10 желтоқсандағы заңы. (2011.01.01. берілген өзгерістерімен және толтырумен)
5. Қазақстан Республикасы «Инвестициялар туралы» заң 2003 жылы 8 қаңтар №373-11 шыққан, кейіннен 2008 жылы 4 мамыр №48, және 2009 жылы 31 қаңтар №125 өзгертулермен
6. «Ұлттық инвестициялық стратегия» инвестицияларды тарту жөніндегі бағдарлама (2018 – 2022 жж.). Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 498 қаулысымен бекітілген.
7. Бочаров В. В. Инвестиции: Учебник /В. В. Бочаров. – СПб.: Питер, 2008. – 384 с.

